

**№ 55 орта мектебінің психологиялық қызмет бойынша
атқарылған жұмыстардың 2023-2024 оқу жылындағы III тоқсанның
есебі**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 25.08.2022 ж.

№ 377 бұйрығы негізінде «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» (Әділет министрлігінде тіркелген күні 26.08.2022 ж.) психологиялық қызметтің жұмысын жүзеге асыру. Педагог-психологтардың үш жылдық жұмыс жоспарына сәйкес үшінші жыл қыркүйек және қазан айларымен бірге жүргізілді.

Білім беру ұйымының психологиялық қызметінің жұмысы 5 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

I - Психодиагностика

II - Түзету-дамыту жұмысы

III - Алдын алу-ағарту жұмысы

IV - Кеңес беру

V- Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

Мақсаты:

Мектеп кезеңінде қолайлы психологиялық жағдай жасау және оқу процесінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсету арқылы білім беру процесіне қатысушыларды психологиялық сүйемелдеу.

Міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және табысты әлеуметтену қабілетін қалыптастыру;
- оқушыларға, ата-аналар мен педагогтерге психологиялық, консультациялық көмек көрсету;
- мектептің психологиялық қызметінің жемісті қызметіне мектептің барлық педагогикалық құрамын белсенді тарту;
- білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстарды жүзеге асыру;
- мектепте оқушылардың қолайлы психологиялық ахуалы үшін жағдай жасау.

I - Психодиагностикалық бағыт

Мақсаты: оқу мен дамудағы мәселелерінің себептерін анықтау үшін оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеу; жеке тұлғаның күшті жақтарын, оның мүмкіндіктерін анықтау, кәсіби және танымдық қызығушылықтарын ерте анықтау

Зерттеу үшін келесі әдістер қолданылады:

1. «Мектептік мотивацияның қалыптасу деңгейін анықтау» Н. Г. Лусканованың әдістемесі
2. «Отбасының кинетикалық суреті» проективті әдістемесі

3. «Кәсіби дайындық сауалнамасы» кәсіптік бағдар беру


4. «Ағаштағы орныңыз қайсы?» өзін-өзі бағалаудың проективтік әдістемесі

24.01.2024 мерзімінде мектептің мотивациясын анықтау мақсатында «АСППМ» «HR+» психологиялық педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесінің жұмысы негізінде Н.Г.Лусканованың "Оқу мотивациясының деңгейін бағалау" сауалнамасы жүргізілді, ол сауалнама 10 сұрақтан тұрды, бұл балалардың мектепке және оқу процесіне қатынасын, мектеп жағдайына эмоционалды жауап беруді жақсы көрсетеді. Ұсынылған техниканың авторы баланың мектеп ұсынған барлық талаптарды жақсы орындауға және өзін жақсы жағынан көрсетуге деген ынтасының болуы оқушыны қажетті ақпаратты таңдауда және есте сақтауда белсенді болуға мәжбүр ететінін айтады. Оқу мотивациясының төмен деңгейімен мектеп үлгерімінің төмендеуі байқалатыны анықталды.

Жалпы сауалнамаға 4 сыныптар арасынан 99 оқушы өтті. Нәтижесінде қолдауды қажет ететін 2 оқушы анықталды. Әрбір анықталған оқушы бойынша жеке-жеке кеңес беру жұмысы жүргізіліп, мәселені жан-жақты қарастырып, талданды. 4 «В» сыныбынан Павлов Ярослав, 4 «А» сыныбынан Елемес Әділбек оқу мотивациясының төмендігі анықталды. Оқушыға жеке кеңес беріліп, түзету жұмыстары жүргізілді. Оқушыға әрдайым мектеп тарапынан психологиялық қолдау беріліп отыратыны туралы ақпарат беріліп, кез-келген уақытта психологиялық сүйемеледеуге ие болатыны туралы кеңес берілді.

Жүргізілген диагностиканың қорытындысы бойынша жоспар бойынша түзету – дамыту жұмыстары негізінде топтық тренингтер жүргізу, әңгімелесу, оқушылардың мотивациялық саласын қалыптастыру және дамытуға байланысты психологиялық кеңестер беріліп жатыр.

«Мектептік мотивацияның қалыптасу деңгейін анықтау» Н. Г. Лусканованың әдістемесінің нәтижелері



Психологиялық диагностика нәтижелері бойынша 4-ші сынып оқушыларының басым бөлігі мектеп ортасына сәтті бейімделуде.

Эмоциональдық сипаттағы әртүрлі мәселелерді бастан кешетін оқушылармен бейімделуден өту кезінде қосымша жұмыс қажет етеді. Мектепке бейімделудің алдын-алу жүргізілген жұмыстардан соң оқушылар мектепке бейімделулері жақсара түседі.

Ұсыныстар

1. 4-ші сыныптардағы оқу-тәрбие үдерісіне қолайлы әсер ететін жағдайлар жасау.
2. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сабақта мұғалімдердің жұмысының тиімділігін арттыру
3. Ұйымдастыру деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру

11.03.2024 ж күні оқушылардың отбасы мен баланың қарым-қатынасын және оның психикалық жағдайын талдау, анықтау мақсатында «Отбасының кинетикалық суреті» проективті әдістемесі 4-5 сыныптар арасында 224 оқушы арасында жүргізілді.

Мектептегі оқу кезеңінде қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және оқу үрдісіне оқушыларға психологиялық қолдау көрсету арқылы оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал ете отырып, отбасылық қарым-қатынас деңгейі анықталды.

Орта буын арасында «Отбасының кинетикалық суреті» деп аталатын проективті әдістеме жүргізілді. Дәл осы уақытта баланың басында ата-ана арасындағы қарым-қатынастың, олардың бір-бірімен қарым-қатынасының саналы бейнесі толығымен қалыптасады.

Әдістеме отбасында балаларды тәрбиелеуді ұйымдастырудағы қиын мәселелерін анықтауға қатысты дұрыс тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Диагностикадан 88 оқушы өтті. Нәтижесінде қолдауды қажет ететін 3 оқушы анықталды. Ол: 4 В сыныбынан Павлов Ярослав - жақындармен қатысудағы қиындықтар: «Мені мұнда байқамайды», «Мен өзімді, шеттетілген болып сезінемін», «Маған отбасында өз орнымды табу қиын», Бала отбасынан «кетеді»: «Мені мұнда қабылдамайды, жарайды керек емес, маған оларсыз да жаман емес.» деген сияқты нәтиже берді. 4 «Г» Орудина Диана – үлкен көздер - тек қарау үшін ғана емес, олар уайымды да білдіретінін, мазасыз, тынышсыз, көмекте мұқтаж екенін көрсетті. Мажитов Олжас - мүлде көздері салынбаған – баланың ішінде жылауға ішкі тыйым салынатынын, яғни, бала тұйық, түйсіксіз немесе саналы түрде, өз эмоцияларын көрсетпейтінін байқатты.


5-ші сыныптар бойынша алынған проективті әдістеменің қорытындысына тоқталатын болсақ оқушылардың саны 136 оқушыны құрады. Олардың арасында 45 оқушы толыққанды отбасында тәрбиеленіп отырғандығы байқалды. 8 оқушы толық емес отбасында тәрбиеленіп отырғандығы анықталды. Солардың арасында 7 оқушы тапсырманы түсінгенімен, алайда басқа суреттер салып берген. Бұндай оқушыларға отбасы деген ұғымды жетік түсіне бермеулерінен болады, отбасындағы балаға көңіл бөлу мәселесі

Оқушылар түрлі сауалдарына жауап алып, оқу-тәрбие процесінің табысты өтуіне қажетті ұсынымдармен қаруланды. Балаға жайлы эмоционалды ахуал, шабыттандыру, мақсаттылық, күн тәртібі, отбасы

жылуы ұғымдарының осы кезеңдегі маңызы аталып, кездесетін кедергілерде айқындалып талданды.


Қорытындылай келе, орта мектептегі оқушыларда оқу үлгерімімен қиыншылықтар болса, өмірге қадам басқан әр баланың жанына терең үңіліп, зер салып, жан-дүниесін түсіне білетініміз, қолдау көрсету керек. Егер ата-ана мен мектеп өзара тығыз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл-қыздары жан-жақты дамыған азамат болып шығары сөзсіз.

«Отбасының кинетикалық суреті» проективті әдістемесінің нәтижелері



Жыл сайын когнитивті процестерді түзетуге байланысты, балалар ұжымының ұйымшылдық деңгейін арттыру, сондай-ақ сыртқы әлеммен ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру мақсатында дамыту сабақтары мен тренинг-сабақтар өткізілді.

3- сыныптар арасында оқушылардың эмоционалдық жай күйін, қоғамдағы орнын анықтау мақсатында «Ағаштағы адамдар» проективті әдістемесі жүргізілді. Диагностикаға 66 оқушы қатысты, 15 оқушы диагностикадан бас тартқан. Әдістеме бейімделу процесінің ерекшеліктерін жылдам анықтауға, баланың мүмкін болатын проблемаларын көруге мүмкіндік береді. Балалар ұсынылған тапсырмаларды орындай отырып, өздерін суреттегі адаммен оңай сәйкестендіреді.



Нәтижесінде позицияларды қауіп тудыратын негативті теріс ойлы 2 оқушы анықталып, бақылауға алынды. 3 «А» сыныбынан Қалдыбай Айзере Нұрланқызы, Мұрат Томирис Жасланқызы анықталып, оларға психологиялық қолдау көрсетіліп, позитивті қарым-қатынас техникалары ұсынылды. Жалпы оқушыларда Кедергілерді еңсеру, достықты қолдау, өмірдің әр сәтін бағалаушылар белсенді позитивті қарым-қатынастағы психологиялық климаттың бар екені анықталды.

Оқушылардың бейіндік бағытының жіктелуін зерттеу

Оқушыларға оқу профилін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде қолдау көрсету, сонымен қатар оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін зерттеу.

19.03.2024ж күні 9-сыныптар арасында Өзінің кім екенін қандай екенін, кім бола алатынын және алға қойған мақсаттарыңды қалай іске асыру керек екендігі туралы түсініктерін анықтау мақсатында «Кәсіби дайындық сауалнамасы» кәсіптік бағдар беру сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға 69 оқушы қатысты. Нәтижесінде:

1. 9-сыныпты бітірген соң, не істемексің? сұрағына - А) 10-сыныпта оқимын - 22% Ә) Кәсіптік техникалық мектепте оқимын- 11 %. Б) Колледжде оқимын- 80% В) Жұмыс істеймін- 9 %.

2. Ата –анаң 9-сыныпты бітірген соң не істе деп кеңес беруде? сұрағына - А) 10-сыныпта – 41 % Ә) Кәсіптік техникалық мектепте- 0 %.

Б) Колледжде оқы- 53 %. В) Жұмыс істе- 6 %

3. Таңдаған мамандығыңның мазмұны, оқу және жұмыс шарттары туралы білесің бе? сұрағына - А) Хабарым жоқ 4,3 %. Ә) Аз ғана хабардармын- 29 %. Б) Қажеттің бәрін білемін- 66,7 %.

4.Тандаған мамандығыңның адамға қояр талаптары туралы білесің бе? сұрағына - А)Хабарым жоқ - 0 %. Ә)Аз ғана хабардармын - 21 %. Б)Қажеттің бәрін білемін- 79 %.

5.Тандаған мамандығыңа қажет болатын жеке қасиеттерінді, қабілеттерінді, икемділіктерінді қалай дамытасың? сұрағына - А) Мүлдем дамытпаймын - 11 %. Ә)Қосымша білім алу арқылы дамытамын-24 %. Б) Өз бетіммен білім ала отырып дамытамын-65 %.

6.Өзіңнің кәсіби ой-ниетінді іске асыра аламын деп ойлайсың ба? Оған не кедергі бола алады? сұрағына - А)Ия, жүзеге асыра аламын-42 % Ә)Оқуда қиындықтар бар-8,6 %. Б)Материалдық проблемалар -22 %. В)Жоқ. Жүзеге асыра алмаймын-27,4 %.

7. Негізгі жоспарыңды іске асыра алмаған жағдайда қолданылатын қосалқы жоспарың бар ма? сұрағына - а) Ия- 83 %. Б)Жоқ-17 %.

Қорытындылай келе, өзінің кім екенін қандай екенін, кім бола алатынын, кім болғын келетіні,кім болуын керек және алға қойған мақсаттарыңды қалай іске асыру туралы жалпылама түсініктері бар.

Ұсыныс:

Кәсіби бағдар беру тесті негізінде мамандыққа икемділігін анықтап кеңес беру.

Сонымен қатар, «Тәуекел тобы» оқушылары контингенті бақылау диагностикасы «Тәуекел тобы» контингентінің мазмұнына сәйкес 2024 жылдың ақпан айына қорытынды анализ жасалды.

Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқы бойынша «Тәуекел топқа» іріктеп алу өлшемдері негізінде 212 оқушы іріктелді. Соның ішінде психологиялық бақылау тобында 55 оқушы анықталды.

2 ә сынып Жумашев Ә, 5 г Мажитов О, 6 в Марченко В, 7 а Абдикова Б, 8а Нұрболқызы Ф,8б Ибрагимова Балнұр,8е Ходжанов Д, 9д Войнова А,Тулемисов М,11б Боранбаева Д,Пілдехан Ж, 9г Ефиомва Я, 9б Бәкір Д,10 а Ардахан Қ,11 а Айболқызы А,8г Жұмағат Р,10 а Берді Қ аталған оқушылар психологтың жеке сүйемелдеуінде. Психодиагностикалық зерттеулерге сәйкес 9д Войнова А (11.10.23) алғашқы нәтижесі агрессия жоғары деңгей,екінші зерттеу белгіленді. 8б Ибрагимова Балнұр (10.12.23) мазасыздану орташа, 9б Бәкір Д (10.12.23 және 24.01.24ж) нәтижесі мазасыздану орташа. 11б Боранбаева Д,Пілдехан Ж оқушыларда орташадан жоғары мазасыздану нәтижесі көрсеткіші бар жеке кеңестері жүргізілуде. 8г Жұмағат Р,10 а Берді Қ қалыпты.

Мектепшілік есепте тұраған оқушылар саны 2024ж ақпан айы мерзіміне. 9. 9г Ефимова Я (суицидке оқталу әрекеті) агрессия жоғары мазасыздану төмен жеке сүйемелдеу жүргізілді 03.01.2024ж мерзімімен Алматы қаласына ауысты. Ардахан Қ 10а 10 а 11 а Айболқызы А (Қосымша атрибуттар кию. 29.11.2023ж нәтижелері мазасыздану орташа. Киямов Б,Васильев В,Щитц Б (құқықбұзушылық әрекеті) Щитц Б және Васильев В 22.01.23ж мектеп мазасыздануы негізінде төмен көрсеткіш анықталды. Оқушылар болған жағдайға сәйкес өзіндік кінәлау шкаласы негізінде аса

қиыншылық бар деп есептемейді. Қолдауды іздеу шкаласы бойынша жоғары деңгейді көрсетті. Киямов Б 22.01.23ж мазасыздану деңгейі төмен ешқандай үрей тудыратын себептерін көрсетпеген, агрессия орташа деңгейде. Қолдауды іздеу шкаласы бойынша қажет етпейді, өзіндік бағалауы өте жоғары. Кінәні сезіну шкаласы орташа. Коробко А (Құқықбұзушылық және сабақтан себепсіз жалтару.) мазасыздану жоқ.

6 «Е» сынып оқушылары 13.09.2023ж Шихназаров Данияр мен Базарбек Аятпен (құқықбұзушылық әрекеті) мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында «Филипс» тесті әтижесі орташа. 5 «Д» (Құқықбұзушылық және сабақтан себепсіз жалтару.) 14.02.2024ж Цубикс В

Социометриялық әдіс арқылы сыныптағы тұлғааралық қарым-қатынастарды анықтау, яғни тұлға дамуында алаңдаушылық, сенімсіздік қарым-қатынаста оқшауланған стиль пайда болғаны анықталды.

Сонымен қатар, психо-эмоционалды жағдайын анықтау мақсатында Депрессия шкаласы - балаларға (CES-DC) (6-17) тесті алынды. Нәтижесінде орташа депрессияда болуы мүмкін деген нәтиже көрсетті. Осы қорытындыға сүйене келе Цубикс Валентина орташа жағдайда екені анықталды, сүйемелдеу жүргізілуде.

АСППМ HR+ автоматтандырылған психодиагностикасы базасынан Демеуова М.С жүктмесінен зерттеуден өткен оқушы саны 205.

Соның ішінде 7 а сыныбында 15 оқушы қатысты жоғары-1, өте жоғары 2. 7 г 11 оқушы қатысты қалыпты барлығы.

7д 7 оқушы қатысты қалыпты.

7б 18 оқушы қатысты Орташадан жоғары 2.

7в 22 оқушы қатысты Орташа жоғар 4.

7ә 12 оқушы жоғары 1.

9е 17 оқушы қатысты жоғары 1.

9в 19 оқушы қатысты орташа 2.

Социометриялық зерттеуге 85 оқушы қатысты сынып жетекшілерге кеңес ұсынылды.

Екінші жүктеме Дүкенбаева М.Е жүктмесінен зерттеуден өткен оқушы саны 292. 3 -сыныптар – 72,6 -сыныптар 38, 5 -сыныптар 78,11 –сыныптар 9,4 –сыныптар 95 оқушы қатысты. Қолдауды қажет етуші оқушылар тобымен сүйемелдеу жүргізілуде.

Қорытынды: Бақылау диагностикасы «Тәуекел тобы» контингентінің психодиагностикасын зерделеу нәтижесінде қолдауды қажет етуші, мазасыздану анықталған оқушылар тобымен жеке сұхбаттасулар өткізілді. Сынып жетекшілерге кеңес берілді. Бақылау жүргізіледі.

Ұсыныс:

- Сынып жетекші, психологтар «Психологиялық қолдау тобын» бақылауға алу;
- мектептегі мәселелерді шешудің ең тиімді стратегиясы – ынтымақтастыққа баулу;
- Түзету-дамыту кеңестері, тренингтерін ұйымдастыру;
- Жеке сүйемелдеу әңгімелесулерін жүргізу;

- Ардахан Қ, Айболқызы А, Киямов Б, Васильев В, Щитц Б, Коробко А, Шихназаров Данияр, Базарбек Аятпен, Цубикс В жеке эмоционалды қалып-күйлерін бақылау сұхбаттасуларын жүргізу;

II - Түзету-дамыту жұмысы

Мақсаты: тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, алдын-алу шараларын ұйымдастыру. Үшінші тоқсанда өткізілген топтық тренинг-сабақтар 4-5 сыныптар арасында «Ойлар, сезімдер, мінез-құлық», 8-11 сыныптар арасында «Өтініш және оған деген көзқарасым», 1 – сыныптар арасында «Мен тәуелсіз болғым келеді!», 5-8 сыныптар арасында «Сезім және эмоциялар», Орта және жоғары сынып оқушыларына Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Мен өмірді таңдаймын!», 2-3 сыныптар арасында «Қиын жағдайлар маған не үйрете алады?» сияқты семинар-тренингтер өтті.

4-5 сыныптар арасында «Ойлар, сезімдер, мінез-құлық» тақырыбында тренинг өтті. Тренингке 253 оқушы қатысты. Тренинг барысында «Миға шабуыл» жүргізіліп, оқушылар бойында кездесетін өзгерістерді жіктеп, талданды. Сондай-ақ «Дос достыққа» сергіту ойыны жаттығуы жүргізілді. Шеңбер бойымен тренингке қатысушылар өздерін орындыққа отырып өз бойынан өткен жағдаяттар, өз достарының жетістіктері мен мейірімділіктері туралы ойларын айтты.

Сондай-ақ, тәуекел топ бойынша анықталған оқушыларды тренинг барысында ескеріп, жаттығуға оқушылар белсенді қатысып, өз бойларындағы жақсы қасиеттерді талдап, ортаға салды. Сонымен қатар, «Сүйсінген және ренжіген» ойыны жүргізіліп, өмірде кездесетін қиын мәселелерді қалай дұрыс шешуге болады, ондай адам басына кездескен кезде қалай өздерін ұстау керектігі туралы кеңестер беріліп, оқушылар өз ойларын тереңінен талдады. Оқушылар түрлі сауалдарына жауап алып, оқу-тәрбие процесінің табысты өтуіне қажетті ұсынымдармен қаруланды. Балаға жайлы эмоционалды ахуал, шабыттандыру, мақсаттылық, күн тәртібі, отбасы жылуы ұғымдарының осы кезеңдегі маңызы аталып, кездесетін кедергілерде айқындалып талданды. Сондай-ақ оқушылар қиын жағдайларды сахналады, оны талдады, содан кейін одан шығудың жолдарын ұсынды. Сондықтан, оқушыларда өздерін ұстауы мен достары арасындағы қарым-қатынасқа анықталған көзқарас қалыптасты. Сонымен қатар, қиын жағдайларда өздерін ұстау дағдыларын қалыптасты. Сынып жетекшілеріне ескертіп, бірнеше ұсыныстар берілді.

Тренинг соңында «Жаңбыр жауып тұрғанда мен... туралы ойлаймын» ойыны жүргізіліп, оқушылар өз ойларымен бөлісіп, өмірде кездесетін қиыншылықтар болса, олардың жойылып кетуі екіталай, сондықтан өмірге қадам басқан әр баланың жанына терең үңіліп, зер салып, жан-дүниесін түсіне білетініміз, қолдау көрсетеміз деп қорытындыланды.

Сонымен қатар, оқушыларға эмоция мен сезім-адамның айналадағы өмір шындығына тигізер әсерні туралы түсінік беру және эмоция мен сезімдерді қалай басқаруға болатындығын үйрету мақсатында 5-8 сыныптар арасында «Сезім және эмоциялар» тақырыбында тренингтер өтті. Тренингтерге барлығы 437 оқушы қатысты. 8-11 сыныптар арасында «Өтініш және оған деген көзқарасым» тақырыбында өткен тренингтерге 236 оқушы қатысты. Тренинг басында оқушылар бойындағы жағымсыз эмоцияларды шығарып тастау мақсатында «Эмоция» жаттығуы жүргізілді. Оқушылар өз бойларынан өткізіп, кездесетін өзгерістерді жіктеп, талданды.

Сосын күн бойы эмоция мен сезімге талдау жасау, жақсы психоэмоциялық көңіл-күй туғызуға үйрету үшін гномдар бейнеленген сурет берілді. Суреттегі көңіл күйіне қарап, олардың әрқайсысына ат қойып, қазіргі уақыттағы өз көңіл күйлерін белгіледі. Өз есімін жазып, өзіне ұнаған гномды дөңгелектеп сызып, ол смайликті не үшін таңдағаны жайлы талданды.

Содан соң бір күннің эмоциялық портретін жасады. Бүгінгі күнді таңертеңнен бері еске түсіріп, барлық оқиғаны қарап шығып, жеке үзінділерді көз алдарына келтірді. Сосын соларды жазып, басқа адамдардың әсерінен болған оқиғалар мен сезімдердің астын сызып қойды. Содан соң жақсы-жаманын атап көрсетіп, эмоция сәтіндегі жеке ерекшеліктерге талдау жасалды.

Сонымен қатар, өз эмоцияларын орындап, дәл жеткізе білу дағдыларын жетілдіру мақсатында әртүрлі эмоциялар бейнеленген карточкалар беріліп, сол эмоцияларды бейнеледі. Сосын «Өз эмоцияларыңды қалай басқаруға болады?» мини – лекция оқып, талданды.

Сондай-ақ, өзі туралы жағымды ішкі диалог жүргізу дағдасын дамыту, өзіндік талдауды дамыту мақсатында «Кім өзін жақсы мақтайды немесе сәтсіз күндерге ескертпе» жаттығуы жүргізілді. «Менің ең жақсы қасиеттерім», «Мені ең жақсы сапаларым», «Менің жетістіктерім» ескертпе бланкісі ұсынылды. Оқушылар бланкіні толтырып, өз жетістіктерін жазып, ойларымен бөлісті.

Сондай-ақ 1 – сыныптар арасында «Мен тәуелсіз болғым келеді!» тренингі өтті. Тренингке 28 оқушы қатысты. Балаға өзінің жағымды жақтарын көруге көмектесу; басқа балалар оны түсінетінін және бағалайтынын сезінуге мүмкіндік беру; қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін осы тренингтер ұйымдастырылды. "Сиқыршылар", "Мақтау", "Күлімсіреу" т.б жаттығуылары қолданылды. Қорытынды: Бүгін сабақта кім болдық? (Сиқыршы). Сиқыршы болу қиын ба? Сұрақтарына балалар жауаптарын айтты. Сиқыршылар ретінде бір-біріне рахмет айтты. Мұғалім: "рахмет, Ақерке!" сонымен бірге ол Ақеркенің артына ысқылайды. Осылайша, шеңбердегі барлық балалар бір-біріне алғыс айтып тілек тіледі.

Орта және жоғары буын оқушылары арасында өзін-өзі тану, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу, көңіл-күйді және эмоцияны реттеу; байланыс және өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында «Мен өмірді таңдаймын!» тренингі өтті. Тренингке 33 оқушы қатысты. Ең алдымен тренинг басында жартылай екіге бөлініп шеңбер жасап орындыққа отырды.

Қолымдағы допты оқушыға беріп есімдерін атап отырып өз бойындағы үш қасиетін кезекпен айтып шықты. Әр адамның ережесі-өз жүрек қалауымен жүру және батыл әрекет жасау. Сол сияқты иығынды тіктеп, жарқын көңілмен іштей табысқа жетуге талаптанып, өміршеңдік ережелерін барлығы дауыстап айтты.

Жігер деген-Мен, Күш деген-Мен, Махаббат деген-Мен, Кешірім деген-Мен, Күдірет деген-Мен, Жасөспірім деген-Мен, Жастық шақ деген-Мен, Денсаулық деген-Мен, Адалдық деген-Мен, Жарқындылық деген-Мен, Бар ғажайып деген-Мен. Бәрі менің қолымда. Кейіннен оқушылармен «Мейірімділік алаңы» жаттығуы жасалды. Бұл жаттығудың мақсаты: Өз бойындағы жаман, жақсы қасиеттерін жазу. Іштегі жағымсыз жайттарды сыртқа шығарту. «Менің көңіл күйім қандай?» жаттығуы балалар өз көңіл күйлеріне сәйкес келетін суретті тауып айтты. (Көңілді, көңілсіз, ренжеулі, қорқынышты, ... т.с.с.). Сол кездегі өздерінің көңіл күйлерін баяндады.

Психолог: Алдарыңызда топтың ортасында карточкалар таратып жұмыс жүргізді. Балалар кезекпен ортаға шығып, аяқталмаған ойлары бар карточкаларға жауаптар берді. Сөйлемді аяқтағанда сіз қандай сезімде болдыңыз? Сұрағына кері байланыс орнатып отырды.

Сонымен қатар, «Итке көмектесейік», «Іздеуді жалғастыр!», «Саңырау телефон», «Күн шуағы» жаттығулары жүргізілді.

Қорыта келе оқушылардың ерекше сезімге бөленгендері байқалды. Өз ойларын ашық ортаға салды. Сабақ барысында өздеріне керекті көп мұғлұмат алып соны өмірлеріне қолданатындықтары туралы айтып өтті. Соңғы сөзді өзім алып, қорытынды сөзімді айттым. Өмірде ақ пен қараның қатар жүретіні бәрімізге мәлім. Менің мақсатым осы тренинг арқылы адалдықтың, ақтық пен пәктіктің әрқашан да жеңіп шығатынын сіздерге жеткізу екендігі ескертілді.

2-3 сыныптар арасында «Қиын жағдайлар маған не үйрете алады?» тренингтер өтті. Тренингтерге 97 оқушы қатысты. Тренинг барысында көңіл күйіңе қалай жақсы әсер ете аласың және оны қалай жақсартуға болатыны жайында оқушыларға бірнеше қадамдар ұсынылды. Олар: . Неліктен көңіл-күйіңіздің нашар екенін біліңіз. Кейде жаман көңіл-күй ауа-райы сияқты: бұл жай ғана болады. Кейде мұның нақты себебі бар. Мүмкін көңіл-күйге әсер еткен нәрсе болды ма немесе жақсы досыңызбен ұрысып жатқан шығарсыз.

Ұсыныс:

- Оқу жылы барысында ата-аналарына кездесуі мүмкін кедергілері мен педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету.
- Қызығушылығы бойынша сүйікті ісімен айналысу;
- Қиындықтардың алдын-алатын жаттығулар ұсыну;
- Бақылау әдісі арқылы көңіл-күйді анықтау;
- Қалыпты жағдайдағы құрылымының өзгеруіне назар аудару;

III. Алдын алу-ағарту жұмыстары

Мақсаты: оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениетін)

дамыту, салауатты өмір салтына көзқарастарын қалыптастыру, оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға көмектесу мақсатында педагогтарға «Мұғалімдердің эмоционалды күйзеліс синдромының алдын алу және педагогтардың психикалық денсаулығын нығайту», жас мамандарға «Жасөспірімді қалай түсінуге және қабылдауға болады?», ата-аналарға «Баламен сенімді қарым-қатынасты қалай құруға болады?», «Жазасыз тәрбиелеу», «Ата-аналармен жұмыста жанжалды жағдайларды қалай шешуге болады?» тренингтер өтті.

«Баламен сенімді қарым-қатынасты қалай құруға болады?», «Жазасыз тәрбиелеу» тақырыбындағы ата-аналарға тренингке 132 ата-ана қатысты. Ал «Жасөспірімді қалай түсінуге және қабылдауға болады?» ата-аналарға тренингке 97 ата-ана қатысты. Өз балаларымен толық түсіністікте өмір сүргісі келмейтін ата-ана жоқ. Көптеген аналар мен әкелер баланы айқайсыз және жазаламай қалай тәрбиелеуге болады деп ойлайды. Неліктен бұл әрдайым біз үшін жұмыс істемейтінін анықтауға тырысайық және біздің үйде бейбіт және тыныш атмосфера болу үшін не істеу керек екені жайында сөз қозғалды.

«Мұғалімдердің эмоционалды күйзеліс синдромының алдын алу және педагогтардың психикалық денсаулығын нығайту» тренингіне 31 педагог, жас мамандарға «Жасөспірімді қалай түсінуге және қабылдауға болады?» тренингі 6 жас педагог қатысты. Мұғалімдерді психологиялық қолдау үшін, мектеп ұжымындағы қарым-қатынас ерекшелігі, ұжыммен жақсы қарым-қатынас жасауына көмектесу мақсатында ой-пікірлерін анықтау үшін зерттеу жүргізілді.

Жалпы диагностикалық, кәсіби лайықтылықты анықтау мақсатында, жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасау үшін Сіз қандай мұғалімсіз? тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде Кеңес Жаннұр, Алдоңғарова Гүлсанем Сауалнама «Сіз шәкірт үшін биік тұлғасыз» деген нәтиже көрсетіп, Қабрахмет Ақбота, Төлеу Раушангүл «Сіз бала тәрбиесіне жан-тәнімен берілген жансыз» нәтижесі басым бөлігінде анықталды. Сауалнама нәтижесіне орай жас мамандарға оқыту - жас маманның оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету кеңес беру болды. Релаксация, түзету жаттығулары тренинг барысында «Жапон әліппесі», «Өзіңді тереңірек тани біл!», «Ойын жаттығу», «Аңдар мен жәндіктер» жаттығулары орындалды. Тренинг соңында жаднама таратылды.

Қорытынды: Психологиялық тренинг- сабақтардан кейін рефлексия кезеңінде оқушылардан әрдайым жағымды пікірлер алынып, нәтижесінде оқушылар осы өткізілген тренингтер, әңгімелесулердің осындай ұқсас тақырыптарда болуын қалайтындарын жеткізіп өз ұсыныстарын айтты. Ата-аналар жиналысында көтерілген тақырыптарда ата-ана тарапынан жақсы көзқарастарын білдіре білді. Ата-аналарға тиімді болды жиналыстардан кейін ата-аналар кеңестік көмекке жүгінді. Жалпы, оқушылармен және ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың тәрбиелік түрі сәтті деуге болады.

Ұсыныс:

- Әдістемелік көмекті уақытылы көрсету;
- Жас маманға өзін-өзі тәрбиелеуге үйрету;
- Жас мамандардың мотивациясын арттыру.

IV – Кеңес беру

Мақсаты: Оқушының өзінің жүгінуі, мұғалімдер мен ата-аналардың сұранысы бойынша балаларға арналған жеке кеңестер, олардың ата-аналарына және мұғалімдеріне дамудың, әлеуметтенудің, оқудағы қиындықтардың және қарым-қатынас мәселелерінің өзекті мәселелерін шешуде көмек көрсету.

3-ші тоқсанда отбасындағы қарым –қатынас бала арасындағы себептер бойынша 31%оқушылар, кәсіптік бағдар бойынша оқушыларға берілген кеңестер 13 %. Мұғалімдердің жеке бастары бойынша кеңеске келгені 6 %, оқушылар арасындағы келіспеушілік бойынша 40 % Мектепке бейімделу барысындағы кедергілерге байланысты 10 % кеңестер өткізілді. Кеңес беру процесі екі кезеңде өтті: бастапқы кеңес беру және қайта консультация. Қайталанатын консультациялар кейбір жағдайларда бір реттік кездесумен шектелмей, жүйелі сипатқа ие болды.

Осы тоқсанда мұғалімдер тарапынан өтініштер негізінде жеке консультациялар өткізілді. Өнімділікті арттыру, әл-ауқатты жақсарту және шиеленісті азайту үшін релаксация әдістері, оқушыларға тыныс алу жолдары туралы жаттығулар және өзін-өзі көмек көрсету әдістері қолданылды. Сондай ақ ұстаздар оқушыларға оқу-тәрбие процесінде педагогикалық көмек көрсету бойынша ұсыныстарды сұралып ұсыныстар берілді.

Ата-аналар балаларының оқуға деген ынтасын арттыру, құрбыларымен қарым-қатынасы, білім алуы, бала мен ата-ана қарым-қатынасы, мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша психологиялық көмек сұрады.

V- Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

Үшінші тоқсанда ата-аналар мен оқушыларға ақпарат беретін стендтер қойылды. «Психологиялық-консультациялық көмек көрсету кабинетіне ата-аналар мен педагогтерге электронды түрде алдын ала жазылу QR коды» «Буллингті бірге тоқтатайық!», Байқоңыр ауданы бойынша «Психологиялық-консультациялық көмек көрсету кабинеті», Мектепте психологиялық қызмет QR- код жұмыс істейді. Астана қаласы бойынша сенім телефоны 150 нөмірі екені ескертілді. Әдістемелік бөлім психологиялық қызмет ұйымдастыруымен семинарлар, лекциялар, тренинг-сабақтар, дәрістер, іс-шараларға жұмысына қатысу жүйелі түрде жүргізіледі.

ҰСЫНЫСТАР

- 4-ші сыныптардағы оқу-тәрбие үдерісіне қолайлы әсер ететін жағдайлар жасау.
- Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сабақта мұғалімдердің жұмысының тиімділігін арттыру

- Ұйымдастыру деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру
- Сынып жетекші, психологтар «Психологиялық қолдау тобын» бақылауға алу;
- мектептегі мәселелерді шешудің ең тиімді стратегиясы – ынтымақтастыққа баулу;
- Түзету-дамыту кеңестері, тренингтерін ұйымдастыру;
- Жеке сүйемелдеу әңгімелесулерін жүргізу;
- Ардахан Қ, Айболқызы А, Киямов Б, Васильев В, Щитц Б, Коробко А, Д. Шихназаров, А. Базарбек, В. Цубикс жеке эмоционалды қалып-күйлерін бақылау сұхбаттасуларын жүргізу;
- Әдістемелік көмекті уақытылы көрсету;
- Жас маманға өзін-өзі тәрбиелеуге үйрету;
- Жас мамандардың мотивациясын арттыру;
- Оқу жылы барысында ата-аналарына кездесуі мүмкін кедергілері мен педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету.
- Қызығушылығы бойынша сүйікті ісімен айналысу;
- Қиындықтардың алдын-алатын жаттығулар ұсыну;
- Бақылау әдісі арқылы көңіл-күйді анықтау;
- Қалыпты жағдайдағы құрылымының өзгеруіне назар аудару;

Психологтың 2023-2024 оқу жылындағы SWOT талдауы	
Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Мектептегі зорлық –зомбылықтың алдын алу, Инклюзивті білім беру бағдарламасы, Суицид сақшылары, Буллингтің алдын алу тақырыптарындағы коучинг 2. Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқы бойынша «Тәуекел топқа» іріктеп алынған оқушылар тізімі 224-212, оның ішінде психологиялық көрсеткіші 55. 3. Тәлімгерлік жүйесі. Оқытулар сүйемелдеу. 4. Тәуекел тобы оқушылары іріктеу бойынша қорытынды жүйелеу. 5. Мектепшілік бақылау негізінде 3 оқушы есептен шығарылуы.	Кемшіліктер: Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу барсындағы ата-аналар бас тарту. Зерттеуден толық өтпеуі. 77 бас тарту.
Мүмкіндіктер жолдары	Қауіп – қатер

1. Өзін-өзі дамыту, ақпараттармен қамдану. Мониторинг негізінде жаңа ұсыныстар тиімді жандасу. 2. Кеңестер: Қиын бала , тиімді жандасу тақырыбы аясында оқытулар болды 3. Мектепшілік бақылау бойынша инклюзивті сыныптар жұмысының атқарылу жұмысын тексеру жүзеге асыт педагогтер оқу жоспарларын әзірлеген. 4. АСППМ HR+ автоматтандырылған психодиагностикасы базасынан зерттеуден өткен оқушы саны 497. Мазасыздану жоғары анықталған оқушылар: Алтаева Аружан Дидаровна 11.03.2024ж 7 д Адилхан Жасұлан Еркінұлы 20.02.2024 ж Машкенова Аида Кудайбергеновна 06.02.2024ж 7ә Әзімхан Нұрасыл Мұратханұлы 06.02.2024ж 7в Ғалым Аружан Мұратқызы 06.02.2024ж 7б Қарабек Гүлім Мүслімбекқызы 06.02.2024ж 7б Тыныбекова Лунара Тыныбековна 25.01.2024ж 9с Дүзелбай Ұлдана Дүзелбайқызы 24.01.2024ж 9 в Ақмолдинова Дания Ерболқызы 24.01.2024ж 9б 5. Психологиялық қолдау тобы оқушыларын сүймеледеу. Бақылау алыну. 6. Психологиялық консультация кабинетіне оқушыларды жолдау	1.Жағдайы жоқ отбасы, асоциалды отбасыларды бақылау. Отбасыдағы қарым-қатынас сипаты 2.Әлеуметтік желілерді шектен тыс пайдалану себебінен және де үйде ата -ананың қадағаланбауы. 3.Психологиялық қолдау және тәуекел тобы оқушылары: өсуі.
---	---

Мектеп директоры:

Рахимберлина Д.А

Мәліметті дайындаған мектеп психологтары: Демеуова М.С., Дүкенбаева М